



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 9 шілде

Қазақстанда базалық мөлшерлеме бұрынғы 9% деңгейде қалды

Бүгін 9 шілдеде Қазақстан Ұлттық Банкі +/-1% деңгейдегі пайыздық мөлшерлемелер дәлізімен базалық мөлшерлемені 9% деңгейде сақтау туралы шешім қабылдады. Өтімділік беру мен алу операциялары бойынша мөлшерлемелер тиісінше 10% және 8% деңгейде сақталған.

Ресми қайта қаржыландыру ставкасы да базалық мөлшерлеме деңгейінде сақталған – 9%. Бұл туралы бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Алматы қаласындағы телевизиялық БАҚ үшін брифингіде сөз сөйлеген кезде хабарлады.

Ол Қазақстан Ұлттық Банкінің инфляция деңгейінің және инфляциялық күтулердің біртіндеп баяулауын атап өтетінін айтты.

«Базалық мөлшерлеменің деңгейін сақтау туралы шешім көп жағдайда инфляциялық тәуекелдерді іске асыруға ықпал ететін факторлардың әсеріне байланысты болды. Осындай тәуекелдер әсіресе сыртқы секторда және бюджет саясатында байқалады», - деді Д. Ақышев.

Базалық мөлшерлеме бойынша кезекті шешім 2018 жылғы 3 қыркүйекте Астана уақытымен сағат 17:00-де жарияланады.

Данияр Ақышев – Жылдық инфляция маусымда 5,9%-ға дейін баяулады

Маусымда **жылдық инфляция** 5,9%-ға дейін баяулады. Бұл – 2015 жылғы қазаннан бастап ең төмен деңгей. Инфляция деңгейі өткен жылғы бірінші жартыжылдықпен (3,7%) салыстырғанда 2018 жылғы бірінші жартыжылдықта барынша төмен көрсеткіштер (2,6%) аясында төмендеді. Бұл туралы бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Алматы қаласындағы телевизиялық БАҚ үшін брифингіде сөз сөйлеген кезде хабарлады.

Ол ауыл шаруашылығы өнімі нарығы инфляция көрсеткіштеріне жағымды әсер ететінін атап өтті. Жыл басынан бастап көкөніс пен жеміс-жидек бойынша өсу небәрі 4,9% болды. Ал өткен жылғы осындай кезеңде өсу 18,9% болды.

«Ішкі өндірушілердің тұтыну тауарларына баға өсуінің баяулауы байқалып отыр. Қаңтар-маусымда өсу (жылдық көрсетуде) 3,4%-дан 1,9%-ға дейін баяулады. Біз жыл соңына дейін жылдық инфляция көрсеткішінің көп баяулауын күтпейміз. Бұл өткен жылдың төмен статистикалық базасына байланысты. Өткен жылғы үшінші тоқсанда инфляция деңгейі шамалы (0,5%) болды», - деп түсініктеме берді Д. Ақышев.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы мамыр-маусымдағы тау-кен өндіру саласындағы өнімнің қымбаттауы аясында өңдеуші өнеркәсіптегі баға өсуінен инфляцияның өсу тәуекелі өзекті болатынын атап өтті. Тау-кен өнеркәсібінің өндірушілері бағасының индексі жылдық көрсетуде сәуірдегі 22,7%-дан маусымда 36,2%-ға дейін өсті. Екі айда, мамыр мен маусымда бағалар 9,4%-ға өсті.

Д. Ақышевтың айтуынша, инфляциялық күтулер салыстырмалы түрде орнықты. Бір жыл бұрын күтілетін инфляцияны сандық бағалау маусымда ақпан мен мамырдағы 6,0% деңгейінде және нақты инфляция деңгейінде болды.

«Пікіртерім нәтижесі халықтың **инфляцияны қабылдауы** жақсарғанын көрсетті. «Тауарлар мен қызметтердің өткен 12 айдағы бағасы бұрынғыға қарағанда, жылдамырақ өсті» деп санайтын респонденттер үлесі төмендеп, маусымда 44,2% болды. Бұл соңғы бір жарым жылда ең төмен мән болып табылады. Ең жоғары тарихи мән 22,5% өткен 12 айда инфляцияның барынша төмен деңгейін немесе алдыңғы кезеңмен салыстырғанда тұтыну бағасының төмендеп отырған серпінін атап өткен респонденттердің үлесін көрсетіп отыр», - деді Д. Ақышев.

«Теңгемен депозиттердің өсуі жинақтау валютасын таңдаған кезде айырбастау бағамының айқындаушы фактор ретінде рөлінің төмендегенін куәландырады. Соңғы екі айда теңгенің әлсірегеніне қарамастан теңгемен салымдар мамырда 0,2%-ға, маусымда алдын ала деректер бойынша – 2,4%-ға өсті. Осы кезеңде бағамдық айырманы ескермегенде валютамен салымдар тиісінше 2,3%-ға және 1,2%-ға қысқарды», - деп қорытындылады Д. Ақышев.

Данияр Ақышев – Экономикалық белсенділіктің өсу серпіні оң болып қалуда

Экономикалық белсенділіктің өсу серпіні оң болып қалуда. Қысқа мерзімді экономикалық индикатор қаңтар-мамырда жылдық көрсеткіш бойынша 5,1%-ды құрады. Бұл туралы бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Алматы қаласындағы телевизиялық БАҚ үшін брифингіде сөз сөйлеген кезде хабарлады.

Ол өсуге оң үлесті барлық негізгі салалар (тау-кен өндіру және өңдеуші өнеркәсіп, байланыс, сауда, көлік және ауыл шаруашылығы) қосқанын атап өтті. Экономикалық өсу көрсеткіштері әлеуетті мәндерінен жоғары. Бұл экономикаға проинфляциялық қысым жасайды. Олар тұтынушылық және инвестициялық ішкі, және сол сияқты сыртқы жиынтық сұраныстың кеңеюімен қамтамасыз етілуде.

«Жылдық көрсеткіш бойынша жалпы бөлшек сауда 5,3%-ға ұлғайды. Азық-түлікке жатпайтын тауарларды сату көлемі өсуде. Тұтынушылық кредиттеудің өсу қарқыны мамырда жылдық көрсеткіш бойынша 19,4%-ға дейін өсті. Халықтың нақты кірістерінің өсуі сәуірдегі кейбір бәсеңдеуге қарамастан, оң аяда қалуда», - деді Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы.

Д. Ақышевтың айтуынша, тұтынушылық жиынтық сұраныстың кеңеюін ынталандыратын факторлардың бірі бюджет саясатының әлеуметтік бағыты болып қалады. Зейнетақы төлемдерінің ағымдағы жылғы 1 шілдеден бастап көтерілуі халықтың әлеуметтік осал топтарына қолдау жасайды. Екінші жағынан алғанда инфляциялық аяның төмендеуін шектейді.

Данияр Ақышев – Мұнай бағасы серпінінің оң әсер етуі жалғасуда

Сыртқы нарықтардағы ахуалдың сипаты әр түрлі. Белгілі бір тәуекелдері бар фактор бар. **Мұнай бағасы серпінінің** оң әсер етуі жалғасуда, баға орташа алғанда бір баррель үшін 75 АҚШ доллар көрсеткішінен жоғары қалыптасуда. Бұл туралы бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Алматы қаласындағы телевизиялық БАҚ үшін брифингіде сөз сөйлеген кезде хабарлады.

Ол сарапшылардың бағаның одан әрі серпіні бойынша ағымдағы орташа жылдық

болжамдары қолайлы және 2020 жылдың соңына дейін 70 АҚШ долларынан жоғары болатынын атап өтті.

«Маусымда, жыл басынан бастап алғаш рет **азық-түлікке халықаралық бағалардың** төмендеуі байқалды. FAO бағалар индексі 1,3%-ға төмендеді. Бұл елдер арасындағы сауда шиеленісінің күшеюіне байланысты. Нәтижесінде астық бағасының төмендеуі байқалды. Алайда тұтастай алғанда, негізгі дәнді дақылдар өндірісінің болашағы нашарлап отыр. Бұл сарапшылардың пікірі бойынша инфляциялық аяны күшейтеді және индекстің одан әрі өсуіне ықпал етеді», - деді Д.Ақышев.

Оның айтуынша, орта мерзімді кезеңде **саудадағы негізгі әріптес елдерде инфляция** деңгейінің өсуіне байланысты проинфляциялық қысымның болуы ықтимал.

«**Сыртқы монетарлық талаптардың** қатаңдауы жалғасуда. Мәселен, маусымда кезекті рет ФРЖ негізгі мөлшерлемесі көтерілді. Нәтижесінде әлемдік нарықтарда **АҚШ долларының** күтулі **нығаюы** байқалды. Дамушы нарықтардың АҚШ долларындағы валюталарынан капитал ағындарының өзгеруі нақты ден қою болды», - деді Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы.

Ол дамушы нарықтардағы жалпы үрдіс Қазақстанға да қатысты болғанын атап өтті. «Ұлттық Банктің бейрезиденттердегі ноттарының көлемі наурыз – маусым аралығындағы ең көп деңгейден 454 млрд теңгеден 241 млрд теңгеге дейін төмендеді. Бейрезиденттердің пайданы белгілеуі валюта нарығына тікелей ықпал етті, бұл теңгенің әлсіреу факторларының бірі болды», - деп түсіндірді Д.Ақышев.

Д.Ақышев теңгенің аздап әлсірегенін де атап өтті. Дамушы елдердің валюталарына шолу теңгенің елдердің осы топтарында тұрақты валюталардың бірі болып табылатындығын көрсетеді.

Данияр Ақышев ішкі нарықтың көрсеткіштері туралы айтып берді

2018 жылғы 6 ай ішінде **Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтері** алдын ала деректер бойынша, 30,6 млрд АҚШ доллары болды. **Елдің халықаралық резервтері** 88,7 млрд АҚШ долларына жетті. Бұл туралы бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Алматы қаласындағы телевизиялық БАҚ үшін брифингіде сөз сөйлеген кезде хабарлады.

Ол ақша нарығында артық өтімділік сақталып отырғанын, ол басым түрде ноттарды шығарумен алынатынын атап өтті. 2018 жылғы 5 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан Ұлттық Банкінің **өтімділікті таза алуы** 3,2 трлн. теңге болды. Айналыстағы қысқа мерзімді ноттардың көлемі 3,7 трлн. теңге болды. Маусымда ноттар бойынша кірістілік, мерзімділігіне қарай, 8,11% - 8,29% ауқымында қалыптасты.

Оның айтуынша, тікелей РЕПО операциялары бойынша ҚРҰБ-ның ашық позицияларының көлемі 198 млрд. теңге, кері РЕПО 183 млрд. теңге, Ұлттық Банктегі банк депозиттерінің көлемі 361,5 млрд. теңге болды. 2018 жылғы 5 шілдедегі қорытынды бойынша TONIA мөлшерлемесі 8,01% болды.

«Кредит нарығының қалпына келуі жалғасуда. Қаңтар-мамырда жаңа кредиттер беру өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 24%-ға немесе 915 млрд. теңгеге артты. Кәсіпорындардың теңгедегі кредиттері бойынша орташа мөлшерлеме 2017 жылғы желтоқсандағы 13,2%-дан 2018 жылғы мамырда 12,5%-ға дейін төмендеді», - деп атап өтті Д. Ақышев.

«Жалпы алғанда, **ақша-кредит талаптары** бейтарап деңгейде. Орнықсыз сыртқы факторлар мен проинфляциялық тәуекелдердің іске асырылуы ықтималдығы аясында инфляциялық күтулерді басқару мәселесі өзекті болып қалуда. Осы орайда, ақша-кредит

талаптары сипатының неғұрлым қатаң сипатқа өзгеруі жоққа шығарылмайды», - деді Д. Ақышев.

Сөз соңында, ол соңғы екі жылда ақша-кредит саясатын жүргізу кезінде операциялық бағдар болып табылатын TONIA индикаторының базалық мөлшерлеменің пайыздық дәлізінің төменгі шегіне жақын тұрғанын атап өтті. Бұл банк секторындағы құрылымдық өтімділіктің артық болуына және айтарлықтай кең дәлізге байланысты. «Қазіргі уақытта Қазақстан Ұлттық Банкі екінші жартыжылдықта дәліздің шекараларын біртіндеп тарылту мүмкіндігін зерделеуде. Бұл ақша нарығында пайыздық мөлшерлемелердің басқарылу деңгейін, сол секілді ақша-кредит саясаты құралдарының операциялық тиімділігін де арттырады», - деп қорытындылады Д. Ақышев.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz